

2024 жылғы 25 қыркүйектегі
«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның
Директорлар Кеңесі шешімімен бекітілген
(№ 144 Хаттамасы)

Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында банктік және микроқаржы активтерін сату бойынша электрондық сауда-саттықтарды өткізу Регламенті

Осы мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттықты өткізу Регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 68 қаулысымен бекітілген Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты жария етуін қоса алғанда, банктік және микроқаржы активтерін сататын электрондық сауда алаңында сауда-саттықты өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағида), «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамның Жарғысына сәйкес әзірленді және аукцион нысанында электрондық сауда-саттықта банктік және микроқаржы активтерін өткізу тәртібін айқындайды.

Регламент пен Қағидалардың нормаларында қайшылықтар болған жағдайда Қағидалардың нормалары басымдыққа ие болады және қолданылады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Регламентте Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын келісі негізгі ұғымдар, сондай-ақ осы Регламентте көрсетілген анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) электрондық сауда алаңы (бұдан әрі – тізілімнің веб-порталы) - Мемлекеттік реттеу туралы заңда көзделген объектілерге қатысты сауда-саттық жүргізу үшін сатушылардың электрондық деректер дерекқорға және олар өткізетін мүлікке (бұдан әрі – деректер қоры) бірыңғай қолжетімділік нүктесін беретін интернет-ресурс;

2) электрондық аукцион (бұдан әрі – аукцион) – тізілімінің веб-порталында өткізілетін қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;

3) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;

4) аукцион нөмірі – электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде қатысушыға аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;

5) кепілдік жарна – сауда-саттыққа қатысушы үшін енгізетін объектінің резервтік бағасының 10 (он) пайызы мөлшеріндегі, бірақ кемінде 50 (елу) айлық

есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) кем емес және 30 (отыз) мың АЕК-тен аспайтын ақша сомасы;

6) сауда-саттықтың бағаны көтеру әдісі – бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған кадаммен артып отыратын әдіс;

7) сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісі – бастапқы бағасы жарияланған кадаммен төмендетілетін әдіс;

8) ең төменгі баға (бұдан әрі – резервтік баға) – сату объектісін одан төмен емес бағаға сатуға болмайтын баға;

9) алғашқы баға - сатушы белгілейтін, бірақ объектінің нарықтық құнының 50 (елу) пайызынан аспайтын баға;

10) сатушы (мүлікті иеліктен шығаруды жүзеге асыратын тұлға) – банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымы, микроқаржы ұйымы, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 36-1 бабында және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Микроқаржылық қызметі туралы заң) 9-1 бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып, оператормен тізілім веб-порталының қызметтерін пайдалану туралы шарт жасасқан өзге де тұлғалар;

11) сату объектісі – сатушы сауда-саттыққа шығарған мүлік;

12) оператор – сатушымен тізілім веб-порталының қызметтерін пайдалану туралы шарт жасасқан «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы;

13) жеңімпаз – сату объектісіне ең жоғары бағаны ұсынған және сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған аукционға қатысушы;

14) сатып алушы – сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартына қол қойған сауда-саттықтың жеңімпазы;

15) бастапқы баға - әрбір сату объектісі бойынша сауда-саттық басталатын баға;

16) ағымдағы баға - сауда-саттық барысында қалыптасатын сату объектісінің бағасы;

17) сауда-саттық – мүлікті сату түрі;

18) қатысушы - сауда-саттыққа қатысу үшін осы Регламентте белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе заңды тұлға;

19) сату бағасы - сауда-саттық нәтижесінде белгіленген сату объектісінің түпкілікті бағасы;

20) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілі;

2. Сатушы

2. Сатушы тізілімнің веб-порталы арқылы оператормен тізілім веб-порталында жалпыға қолжетімді жерде жарияланған стандартты нысан бойынша тізілім веб-порталының қызметтерін пайдалану туралы электрондық жария шарт жасасады. Мұндай келісім шарт тараптардың талаптарын, құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

Сатушы сауда-саттықта сатылатын мүлікті қорғауды және бақылауды қамтамасыз етеді және сатып алушыға меншік құқығы ауысқанға дейін оның сақталуына және мүлік туралы ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

3. Сатушының функциялары:

1) оператормен тізілім веб-порталының қызметтерін пайдалану туралы шарт жасасу;

2) оператордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген және тізілім веб-порталында пайдаланушыларға ашық қолжетімділікте жарияланған Бағалар прейскурантына сәйкес сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу рәсімдеріне байланысты оператормен есеп айырысуларды жүргізу;

3) сауда-саттыққа дайындықты жүзеге асыру және аукционды өткізу барысын бақылау;

4) әлеуетті қатысушылардың сауда-саттықта өткізілетін мүлікке қолжетімділігін қамтамасыз ету;

5) сауда-саттыққа шығарылатын сату объектісі туралы мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз ету;

6) сатып алу-сату шартының және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартының жобаларын келісу және оларға өзгерістер енгізу;

7) сауда-саттық жеңімпазымен сатып алу-сату шартын және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартын жасасу және олардың орындалуын бақылау;

8) сату объектісін сауда-саттықтан алу туралы шешім қабылдау, бірақ олар өткізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей;

9) объектіні сатуды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті басқа да іс-шараларды өткізу болып табылады.

4. Сатушы құқылы емес:

1) сауда-саттыққа қатысушыдан сауда-саттыққа қойылғандардың ішінен сол немесе басқа сату объектісін сатып алуға ниеті туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сауда-саттықты дайындау және оларды өткізудің бүкіл кезеңінің ішінде сауда-саттыққа қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жариялауға

3. Сауда-саттық операторы

5. Оператордың функциялары:

- 1) тізілім веб-порталының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 2) сауда-саттыққа қатысушыларға кепілдік жарналарды қабылдау және қайтару және сауда-саттықта жеңіске жеткен қатысушының кепілдік жарнасын сатушыға аудару;
- 3) сатушының дерекқорға қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 4) тізілім веб-порталының сатушыларына (пайдаланушыларына), оның ішінде облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан аумақтық бөлімшелер арқылы консультациялық көмек көрсету;
- 5) Қазақстан Республикасының дербес деректерді, банктік құпияны, микрокредит беру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, объектілерге қатысты ақпаратқа қол жеткізу;
- 6) объектіге қатысты сатушы мен сатып алушы арасында ақпаратты жария етпеу туралы шарт жасасуды қамтамасыз ету;
- 7) тізілімнің веб-порталында жүзеге асырылатын сауда-саттыққа қатысушылардың іс-әрекеттерін есепке алуды жүргізу;
- 8) тараптардың құқықтары мен міндеттерін қамтитын тізілім веб-порталында пайдаланушылар үшін ашық қолжетімділікте жарияланатын үлгі нысан бойынша тізілім веб-порталының қызметтерін пайдалану туралы пайдаланушы келісіміне қатысушымен жасасу;
- 9) осы Регламентке және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес тізілім веб-порталының қызметтерін пайдалануға байланысты мәселелер бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың және (немесе) өзге де тұлғалардың өтініштерін қарау;
- 10) тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының және сатушының электрондық мекенжайына электрондық хабарламаларды жіберу арқылы қатысушымен хабарламалар алмасу;
- 11) дерекқорды толтыруға байланысты басқа да функциялар болып табылады.

6. Оператор сатушы сауда-саттыққа қойған сату объектісі туралы тізілімнің веб-порталында орналастырылған ақпаратқа және тізілімнің веб-порталының қызметін регламенттейтін ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

7. Оператор сауда-саттыққа қатысуға электрондық өтінімдердің (бұдан әрі – өтінім) және оларға қоса берілетін электрондық құжаттардың сақталуына, сондай-ақ олардың құпиялылығына жауапты болады.

8. Оператор құқылы емес:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сауда-саттыққа қатысушыларға қатысы бар ақпаратты сауда-саттықты дайындау мен өткізудің бүкіл кезеңі ішінде жария етуге;
- 2) сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркелу үшін қосымша мәліметтер беруді талап ету.

9. Аукцион барысында аукционға қатысуға кедергі болып табылатын техникалық ақау орын алған жағдайда, қатысушы осы жағдай бойынша тез арада

телефон немесе электрондық хабарлама арқылы операторының байланыс деректері бойынша хабардар етеді.

Оператор техникалық ақаулықтар фактісін тіркейді және олар тізілім веб-порталы жағында болған кезде ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру жолымен аукционға қатысушылардың барлығын хабардар етеді.

Қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникация жабдығының техникалық ақаулықтары болғанда аукцион жалғаса береді.

10. Тізілім веб-порталында аукционды өткізуге кері әсерін тигізетін техникалық кемшілік болған жағдайда, оператор бұл жөнінде сатушыны хабардар етіп және оператормен техникалық кемшілікті түзеткен күннен бастап үш күн ішінде қатысушының тізілім веб-порталында көрсетілген электрондық мекен-жайына және тізілім веб-порталында осы аукционның жалғастырудың өткізілу күні мен уақыты жөніндегі ақпаратты орналастырып аукционға қатысушыларды алдын-ала міндетті ескерту арқылы аукционды жалғастыруды ұйымдастырады.

4. Сауда-саттықты өткізуге дайындық

11. Сауда саттықты өткізуге дайындықты сатушы өзінің ішкі рәсімдеріне және осы Регламентке сәйкес келісі тәртіппен жүзеге асырады:

- 1) сату объектісі бойынша қажетті материалдарды жинау жүргізіледі;
- 2) сату объектілерінің алғашқы, бастапқы және резервтік (ең төменгі) бағалары айқындалады;
- 3) әрбір сату объектісінің сауда-саттық нысандары мен әдістері анықталады;
- 4) сауда-саттықты өткізу мерзімі белгіленеді;
- 5) сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланады;
- 6) кепілдік жарналар қабылданады;
- 7) қатысушыларды тіркеу жүргізіледі;
- 8) сатып алу-сату шартының және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартының және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартынның жобасын дайындау жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жарияланғанға дейін сатушы әрбір лот бойынша келісі ақпараттың тізілімінің веб-порталындағы дерекқорға енгізілуін қамтамасыз етеді:

- 1) сату объектісі бойынша мәліметтер;
- 2) тіркеуші орган берген объектінің тіркеу нөмірі;
- 3) тіркеуші органның объектіні тіркеу күні;
- 4) объект иесінің жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 5) объектінің атауы және орналасқан жері;
- 6) объектінің техникалық сипаттамалары;

- 7) объектінің фотосуреттері;
- 8) сату объектісінің орналасқан жері;
- 9) сату объектісінің меншік иесі (баланс ұстаушысы) туралы мәліметтер (пошталық мекенжайы, телефоны, факсы, e-mail);
- 10) объектіге құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелерін енгізу;
- 11) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

13. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жарияланғанға дейін сатушы әрбір лот бойынша келісі ақпараттың дерекқорына енгізілуін қамтамасыз етеді:

- 1) сату объектісі бойынша келісі мәліметтерді қамтитын мәліметтер:
 - Банктер туралы заңның 50-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес келісім болған кезде банктік шот шартының және (немесе) Микроқаржылық қызмет туралы заңның 21-бабының 3-тармағына сәйкес келісім болған кезде микрокредит беру туралы шарттың нөмірі мен жасалған күні;
 - Банктер туралы заңның 50-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне және (немесе) Микроқаржылық қызмет туралы заңның 21-бабының 3-тармағына сәйкес келісім болған кезде қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі;
 - кредитордың жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі;
 - банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талаптарды) басқаға беруді жүзеге асыратын тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі;
 - банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешек мөлшері;
 - банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен күндер саны (бар болса);
 - кепіл затының атауы мен орналасқан жерін, кепіл заты иесінің жеке сәйкестендіру нөмірін / бизнес сәйкестендіру нөмірін қамтитын кепіл туралы (бар болса).

2) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

14. Оператор сатушы дерекқор базасына мәліметтерді енгізген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде сатушы ұсынған ақпаратта құжаттардың сканерленген көшірмелерінің және қателіктердің (грамматика, пунктуация, орфография) болуын тексереді.

Сатушы осы Регламенттің 12-тармағына сәйкес ұсынған құжаттар дұрыс деп есептеледі және оператордың олардың мазмұнын тексеру қажеттілігін болдырмайды.

15. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаны тізілімнің веб-порталында жариялау үшін сатушы әрбір сату объектісі бойынша қосымша қазақ және орыс тілдерінде келісі мәліметтерді енгізеді:

- 1) сауда-саттық күні мен уақыты;
- 2) объектінің атауы және түрі;
- 3) сауда-саттықты өткізу әдісі;

4) сату объектісінің бастапқы бағасы, ал бағаны төмендетуге аукцион өткізген кезде - резервтік баға;

5) кепілдік жарнаның мөлшері (тиындарды көрсетпей);

6) сауда-саттықты өткізу күні мен уақыты (тізілімнің веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын белгіленеді);

7) кепілдік жарнаны аудару үшін оператордың банктік деректемелері;

8) өтінімдерді қабылдау мерзімі;

9) оператордың телефоны мен мекенжайы;

10) сатушының телефоны мен мекенжайы;

11) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

Сатушы дайындаған хабарламаның жобасын тізілімнің веб-порталында жарияланғанға дейін бір жұмыс күні ішінде оператор қателіктердің болуына және осы Регламенттің 12, 13 және 15-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексереді.

16. Дерекқорға енгізілген мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша оператор тізілімнің веб-порталында сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жариялайды не сатушы оператор анықтаған қателерді түзетпеген жағдайда сатушыға оны жариялаудан бас тартады.

17. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама тізілімнің веб-порталында сауда-саттық өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын орналастырылады. Сатушы сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаны өзгерткен жағдайда, сауда-саттықты өткізу күні кемінде күнтізбелік он бес күнге ауыстырылады.

Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін оператор барлық ниет білдірушілердің тізілім веб-порталында орналастырылған сату объектісі бойынша ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді, сатушы барлық ниет білдірушілердің сату объектісіне еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

5. Қатысушыларды тіркеу және сауда-саттыққа қатысу шарттары

18. Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілімнің веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап тізілімнің веб-порталында жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін 5 минут бұрын аяқталады.

19. Сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушы тізілімнің веб-порталында төмендегілерді көрсетіп ЭЦҚ-мен алдын ала тіркелуі қажет:

1) жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бірінші басшының толық атауы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері;

4) байланыс деректері (пошта мекенжайы, телефон, факс, e-mail).

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Қатысушыға тізілімнің веб-порталына кіру ЭЦҚ файлы, ЭЦҚ паролін және МАБ-да (мобильді азаматтар базасында) тіркелген қатысушының телефон нөміріне қысқа нөмірлі SMS хабарлама жіберуді қоса алғанда, көп факторлы аутентификацияны қолдана отырып (пайдалана отырып) жасалған пайдаланушы келісімі негізінде тегін ұсынылады.

20. Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркелу үшін тізілімнің веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған осы Регламенттің қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінімді тіркеу қажет.

Сауда-саттыққа қатысушының өтінімі қатысушының сауда-саттық шарттарымен келісімін қамтиды.

21. Өтінім берілгенге дейін қатысушы сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген оператордың есеп шотына кепілдік жарнасын енгізеді.

Кепілдік жарнаны енгізу кезінде төлем құжатында, төлем мақсатында қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН) көрсету қажет.

22. Сауда-саттыққа қатысушыларға кепілдік жарналардың кез келген санын енгізуге жол беріледі.

23. Қатысушы өзі енгізген кепілдік жарнаны қайтару құқығын жоғалтпай, өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта тізілім веб-порталын пайдалана отырып, өз өтінімін кері қайтарып ала алады.

24. Өтінімдер және оларға қоса берілетін сауда-саттыққа қатысушылардың электрондық (сканерленген) құжаттарының көшірмелері дерекқорда сақталады және сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген уақыт пен күнге дейін жүктеу және қарау үшін қол жетімді болмайды.

25. Өтінім тіркелгеннен кейін тізілім веб-порталы дерекқорда өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтердің болуына автоматты түрде тексеру жүргізеді.

26. Дерекқорда оператордың шотына кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдауды және мүлік бойынша сауда-саттық нәтижелері анықталғанға дейін кепілдік жарна сомасына шоттағы ақшаны бұғаттауды жүзеге асырады, бұл кепілдік жарнаны енгізуді білдіреді, сондай-ақ қатысушыны сауда-саттыққа жіберуді жүргізеді. Дерекқорда оператордың шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәліметтер болмаған кезде тізілімнің веб-порталы қатысушының өтінімін қабылдамайды.

27. Тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуына қатысушының осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ:

1) сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын оператордың шотына кепілдік жарнаның түспеуі;

2) сауда-саттыққа қатысушының Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 3-тармағына сәйкес келмеуі.

28. Автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталы тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімнің қабылданғаны туралы не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

29. Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукциондық нөмір бойынша аукцион залына қолжетімділік беріледі.

30. Сауда-саттыққа қатысуға осы Регламентте белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.

31. Сауда-саттыққа қатысушылар ретінде қатыспайды:

1) оператор;

2) сатушы.

32. Сауда-саттықта жеңіске жеткен қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шарты бойынша тиесілі төлемдер шотына жатады және оператор кепілдік жарнаны аударуға арналған өтінішке ЭЦҚ-сы бар сатушы тізілімнің веб-порталында қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде сатушының шотына аударады.

Осы тармақта көзделмеген қалған жағдайларда кепілдік жарналарды оператор қатысушыларға тізілімнің веб-порталы қалыптастыратын кепілдік жарнаны қайтаруға арналған ЭЦҚ пайдалана отырып, қатысушы қол қойған өтініштің негізінде бір жұмыс күні ішінде қайтарады.

Егер кепілдік жарнаның сомасы сату бағасынан асып кеткен жағдайда, оператор жеңімпазға сатушы мен сатып алушы тізілімнің веб-порталында сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде айырманы қайтарады.

33. Сауда-саттыққа қатысуға өтінім бермеген тұлғалардың кепілдік жарналарын оператор тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын кепілдік жарнаны қайтаруға арналған өтініштің ЭЦҚ-сын пайдалана отырып, осы тұлға қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қайтарады.

Оператордың есебіне кепілдік жарнаның түскен күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткеннен кейін сауда-саттықтарға қатысуға өтінім бермеген тұлғаға кепілдік жарнаның қатарылуы өтініміне қол қою мүмкіндігі беріледі.

6. Аукционды өткізу

34. Аукцион сауда-саттықтың екі әдісімен өткізіледі: бағаны көтеру немесе бағаны төмендету.

Сату объектісі бірінші сауда-саттыққа бағаны көтеру әдісімен аукционға шығарылады.

35. Объектінің алғашқы бағасы сауда-саттық әдісіне байланысты анықталады:

1) бағаны көтеруге арналған сауда-саттықты өткізу кезінде алғашқы баға резервтік баға деңгейінде белгіленеді;

2) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты өткізу кезінде алғашқы бағаны сатушы белгілейді, бірақ объектінің нарықтық құнынан 200 (екі жүз) пайыздан аспайды.

36. Қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ және аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген уақытта сату объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен басталады.

37. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, веб-порталда сауда-саттық дүйсенбіден жұмаға дейін өтеді.

Аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте аукцион сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

38. Егер бағаны көтеруге арналған сауда-саттық аяқталған сәтте сағат 17:00-де сауда-саттық жеңімпазы анықталмаса, онда объектіні сатып алуға ниетін растаған сауда-саттыққа соңғы қатысушы жеңімпаз болып танылады, және осы объект бойынша сауда-саттық өткізілді деп танылады.

39. Егер бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық аяқталған сәтте сағат 17:00-де сауда-саттық жеңімпазы анықталмаса, онда осы объект бойынша сауда-саттық өткізілмеген деп танылады.

40. Егер сауда-саттық басталған сәтте объект бойынша аукцион залында сауда-саттыққа екіден аз қатысушы болған жағдайда, онда осы объект бойынша сауда-саттық өткізілмеген деп танылады.

41. Бағаны өзгерту қадамын сатушы объектінің резервтік бағасының 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде белгілейді.

42. Бағаны көтеруге арналған сауда-саттық:

1) сауда-саттық басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде сауда-саттыққа қатысушыға басқа сауда-саттыққа қатысушы ұсынған объектінің ең жоғары ағымдағы бағасын Регламенттің 41-тармағында белгіленген 1 (бір) қадамға ұлғайту мүмкіндігі беріледі;

2) егер сауда-саттық аяқталғанға дейін сауда-саттыққа қатысушылардың ешқайсысы объектінің ағымдағы ең жоғары бағаны арттырмаса, онда оны ұсынған сауда-саттыққа қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы объект бойынша сауда-саттық өткізілді деп танылады.

Сату объектісі бойынша бағаны көтеруге арналған аукцион қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін өткізіледі.

43. Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық:

1) егер сауда-саттық басталғаннан бастап екі минут ішінде сауда-саттыққа қатысушылардың ешқайсысы объектіні сатып алу ниетін растамаса, онда объектінің алғашқы бағасы Регламенттің 41-тармағында белгіленген қадамға азаяды;

2) егер объект бағасы төмендегеннен кейін екі минут ішінде сауда-саттыққа қатысушылардың ешқайсысы объектіні сатып алуға ниет білдірмесе,

онда объектінің соңғы жарияланған бағасы Регламенттің 41-тармағында белгіленген кадамға азаяды.

44. Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықтың жеңімпазы болып объектіні ағымдағы бағамен сатып алуға өзінің ниетін бірінші болып растаған сауда-саттыққа қатысушы танылады және осы объект бойынша сауда-саттық өткізілді деп танылады.

Егер объектінің бағасы резервтік бағаға жетсе және сауда-саттыққа қатысушылардың ешқайсысы объектіні сатып алу ниетін растамаса, онда сауда-саттық өткізілмеген деп танылады.

45. Регламенттің 39, 40-тармақтарында және 44-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда сатушы өткізілмеген сауда-саттық туралы актіге қол қояды.

Өткізілмеген сауда-саттық туралы акт тізілімнің веб-порталында қалыптастырылады, одан кейін оператор «Өткізілмеген» мәртебесі бар сауда-саттық нәтижелері туралы мәліметтерді жариялайды немесе мұндай актіні сауда-саттыққа қатысушыларға жібереді.

46. Тікелей атаулы сату Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген объектілерге қатысты өткізілмеген сауда-саттық туралы 2 (екі) немесе одан да көп актілердің негізінде жүргізіледі.

Сауда-саттық өткізілмеген деп танылған жағдайда, кейінгі сауда-саттық өткізілмеген сауда-саттық туралы бірінші актіге қол қойылған күннен бастап кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күннен кейін өткізіледі.

47. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген объектілерге қатысты тікелей атаулы сату жүргізілген жағдайда, сатып алу-сату шартындағы объектінің бағасы алғашқы бағадан төмен емес деңгейде белгіленеді.

48. Әрбір сатылған объект бойынша сауда-саттық нәтижелері аукцион өткізілетін күні ЭЦҚ пайдалана отырып, сатушы мен жеңімпаз тізілімнің веб-порталында қол қоятын сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді.

49. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама сауда-саттық нәтижелерін тіркейтін құжат болып табылады және жеңімпаз бен сатушы арасында Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген объектілерді сатып алу-сату шартына және (немесе) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына қол қою үшін негіз болып табылады.

50. Сауда-саттықтың жеңімпазы тізілімнің веб-порталында сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастырумен айқындалады, одан кейін оператор «Өткізілді» мәртебесі бар сауда-саттықтың нәтижелері туралы мәліметтерді жариялайды немесе сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттаманы сауда-саттыққа қатысушыларға жібереді.

51. Сауда-саттыққа қойылған объект бойынша сауда-саттық жеңімпазына ақпаратты жария етуді сатушы Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-

тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сауда-саттықта өткізілген объектілерге қатысты қол қойылған сатып алу-сату шарты және (немесе) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген объектілерге қатысты құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты негізінде жүзеге асырады.

52. Жеңімпаз Оператор белгілеген мерзімдерде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға, сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) сауда-саттықта өткізілген объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартқа қол қоймаған жағдайда, сатушы ЭЦҚ пайдалана отырып, тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және бұл объект күші жойылған сауда-саттық шарттарымен сауда-саттыққа қайта қойылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдай туындаған кезде сауда-саттық жеңімпазы енгізген кепілдік жарнаны оператор сатушының банктік шотына аударады.

53. Сатып алу-сату шарты және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты және (немесе) аукцион арқылы немесе тікелей атаулы сату арқылы өткізілген объектіге қатысты микрокредит беру туралы шарты сатушы мен сатып алушының арасында веб-портал арқылы ЭЦҚ-мен, оның ішінде шарт жасасудың негізі ретінде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға сілтемені көрсете отырып жасалады.

54. Сатушы сатып алу-сату шартында және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартында және (немесе) микрокредит беру туралы шартта сатып алушының сату объектісіне меншік құқығы оны толық төлегеннен кейін туындайтыны туралы талапты көрсетеді.

55. Жеңімпаз сатушыға сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартына қол қойылғаннан кейін салыстыру үшін түпнұсқаларын не көрсетілген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін міндетті түрде көрсете отырып, келісі құжаттардың көшірмелерін береді:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

заңды тұлға өкілінің өкілеттігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

56. Сатып алу-сату шарты және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шарты бойынша есеп айырысулар сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі, бұл ретте сатып алушы есеп айырысуларды келісі тәртіппен жүргізеді:

1) аванстық төлем сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартқа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде объектіні сату бағасының кемінде 15% мөлшерінде енгізіледі. Аванстық төлем сатып алушының шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету болып табылады. Кепілдік жарна тиесілі аванстық төлемнің есебіне есептеледі;

2) қалған сома тараптардың уағдаластығы бойынша, бірақ сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей енгізіледі.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы барлық есеп айырысулар сатып алу-сату шартында және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартында және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартында көрсетілген сатушының есеп айырысу шоты арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізіледі.

Түпкілікті төлем мерзімі өткен жағдайда сатып алу-сату шартын және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартын біржақты тәртіппен бұзуға жол беріледі. Түпкілікті төлемнің кешіктірілуіне байланысты сатып алу-сату шартты және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартты және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартты бұзған кезде, аванстық төлем қайтарылмайды.

57. Есепті ай ішінде өткізілген сауда-саттықтың нәтижелері бойынша жиынтық ақпаратты оператор тізілімінің веб-порталында келесі айдың оныншы күнінен кешіктірмей жариялайды.

Мемлекеттік мүлік тізілімінің
веб-порталында банктік және микроқаржы
активтерін сату бойынша
электрондық сауда-саттықтарды
өткізу регламентіне
Қосымша

**Банктік және микроқаржы активтерін сату бойынша сауда-саттыққа қатысуға
ӨТІНІМ**

1. Мүлікті сату туралы жарияланған хабарламаны қарап және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 68 қаулысымен бекітілген Сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттыққа шығарылған мүлікке қатысты ақпаратты жария етуін қоса алғанда, банктік және микроқаржы активтерін сататын электрондық сауда алаңында сауда-саттықты өткізу қағидаларымен және Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында банктік және микроқаржы активтерін сату бойынша электрондық сауда-саттықтарды өткізу регламентімен танысқаннан кейін

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)

мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында 20__ жылғы «__» __ сағат __ болатын, аукционға қатысу ықыласын білдіреді.

2. Сауда-саттық нәтижелері анықталғанға дейін оператордың шотындағы сату объектісі бойынша кепілдік жарна мөлшеріндегі менің ақшалай қаражатымды бұғаттауды сұраймын:

№ п/п	Сату объектісінің атауы	Сату объектісі үшін кепілдік жарнаның сомасы, теңге
1		
2		
	Барлығы	

3. Мен (біз) сауда-саттықтарға қатысушы ретінде тіркеуге жатпайтындығы туралы мәліметтерді алдық:

- 1) оператор;
- 2) сатушы.

4. Егер мен (біз) сауда-саттықтың жеңімпазы (жеңімпаздары) болып анықталған жағдайда, сауда-саттық өткізілетін күні сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қою және сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартына мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы сауда-саттық қорытындыларын шығарған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қол қою міндеттемелерін өзіме қабылдаймын.

5. Менің тарапымнан (біздің тарапымыздан) енгізілген кепілдік жарна сомасы қайтарылмай сатушыда келесі жағдайда қалатындығына келісемін:

- 1) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймауы;
- 2) сатып алу-сату шартына және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартына және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартына белгіленген мерзімде қол қоймауы;

3) менің тарапымнан (біздің тарапымыздан) сатып алу-сату шарты және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шарты және (немесе)

объектіге қатысты микрокредит беру туралы шарты бойынша міндеттемелердің орындалмауы және /немесе лайықсыз орындалуы;

6. Осы өтінім сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шартын және (немесе) банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын және (немесе) объектіге қатысты микрокредит беру туралы шартын жасасқанға дейін қолданылатын шарттың күші болады.

7. Аукционда белгіленген бағаны өзгерту қадамымен келісемін (келісеміз) және сауда-саттықты өткізу барысында және нәтижесінде қалыптасқан ең жоғары баға бойынша сату объектісін сатып алуға келісім (келісімізді) туралы хабарлаймын (хабарлаймыз).

8. Өзім (-із) туралы ақпараттарды ұсынамын (-ыз):

Заңды тұлға үшін:

Аталуы _____

БСН _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Мекен жайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банктік деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банк аталуы _____

БеК _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

Жеке тұлғалар үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

ЖСН _____

Төлқұжат мәліметтері _____

Мекен жайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банктік деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банк аталуы _____

БеК _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

Өтініш берушінің ЭЦҚ деректері;

Өтініш берушінің ЭЦҚ-мен қол қою күні мен уақыты.

Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталымен қабылданды

«__» _____ 20__ ж. ____ сағат ____ мин.

Қатысушының аукциондық нөмірі

(аукцион аяқталғаннан кейін өтінімде көрсетіледі) _____

Утвержден
решением Совета директоров
АО «Информационно-учетный центр»
от 25 сентября 2024 года (Протокол № 144)

Регламент проведения электронных торгов по продаже банковских и микрофинансовых активов на веб-портале реестра государственного имущества

Настоящий Регламент проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества (далее – Регламент) разработан в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» (далее – Закон о государственном регулировании), Правилами проведения торгов на электронной торговой площадке по продаже банковских и микрофинансовых активов, включая раскрытие участниками торгов информации в отношении имущества, выставленного на торги, утвержденными постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 28 августа 2024 года № 68 (далее – Правила), Уставом акционерного общества «Информационно-учетный центр» и определяет порядок реализации банковских и микрофинансовых активов на электронных торгах в форме аукциона.

При наличии противоречий в нормах Регламента и Правил приоритет имеют и действуют нормы Правил.

1. Общие положения

